

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

# Өңірдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері

Ержан ӘБІШ  
Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ-дың мәжіліс залында «Тәуелсіз Қазақстан: Жасампаздыққа толы жылдар»

Шығыс Қазақстан облысының басты жетістіктері тақырыбындағы дөңгелек үстел отырысы өтті. Оған Сенат пен Мәжіліс депутаттары, ғалымдар, кәсіпкерлер, түрлі салалардың сарапшылары мен қоғам қайраткерлері, өңір жұртшылығы, жастар қатысы, ел Тәуелсіздігінің 30 жылы ішіндегі өңірдің жетістіктерін талқылады.



Дөңгелек үстелде өңірдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық жетістіктеріне назар аударылып, отыз жылдың қорытындылары мен келешек жобалар қарастырылды.

Бұл дөңгелек үстелдің мақсаты – аймақтың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық жетістіктеріне назар аударып, тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттік жобалардың қорытындыларын талқылау. «Қуатты өңірлер – қуатты ел» ұраны – Қазақстанның дамулық дамуының негізгі қағидаты. Шығыс Қазақстанның индустриялық-аграрлық және ғылыми-техникалық әлеуеті өңірдің даму бағыттарына айқындал берді. Отыз жыл ішінде өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 2,4 триллион теңгеге артып, 2010 жылдан бастап Индустрияландыру картасы шеңберінде 9 мың жаңа жұмыс орны құрылып, 768,9 миллиард теңгеге 55 жоба іске асырылды, – деп облыс әкімінің орынбасары Азамат Мұхамедчинов.

Оның айтуынша, бүгінде облыс инновациялық өнім көлемі бойынша республикада 5-орында. Еліміз тәуелсіздік алғалы бөрі облыста ауыл шаруашылығына құйылған инвестиция көлемі 75 есеге артып, 36,9 миллиард теңгеге жеткен. Отыз жылда 144 мектеп, 27 балабақша, 453 спорт нысаны, 107 емхана, 100 мыңнан астам пәтер салынды. Ауылдар ауысуымен, халықтың әлеуметтік осал топтары тұрғын үймен қамтылды.

Басқосуға қатысқан Сенат депутаты Ольга Булакина қабылданған заңдар елдегі реформалардың іске асуына қаншалық ықпал еткенін айтты.

Парламент экономиканы жақсарту және азаматтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында осы уақытқа дейін көптеген маңызды заңдарды қабылдады. Алдағы уақытта да біз тұрғындар құқығын қорғау, дамуға жайлы жағдай жасау бағытында жұмыс атқаратын боламыз. Отыз жылда бағындырған бөлестерді еселей түсу үшін баршамыз жұмыла әрекет етейік, – депі депутат.

Жинда Тұңғыш Президентің әлемдегі ең жойқын ядролық қарудан бас тарту жөніндегі бірегей батыл бас-тамасы туралы сөз қозғалды. Нұрсұлтан Назарбаев ядролық қарусыз әлем құруға зор үлес қосты, 1991 жылы қазақ даласына қырық жыл қасірет әкелген Семей полигонын жапты, тәуелсіз Қазақстанның мүдделерін қорғап,

жасампаз жобаларға қолдау білдірді, елімізді өркениет көшімен алға жетеледі.

Мәжіліс депутаты Зарина Қамарова атап өткендей, тәуелсіздік жылдары Шығыс Қазақстан медицинасы жаңа деңгейге көтерілді. Бүгін өңірде ядролық медицина, роботхирургия, онкология және трансплантология бағытындағы бірегей медициналық орталықтар шоғырланған, олардың Баламалары еліміздің өзге өңірлерінде әлі жоқ. Дәрігерлерді шетелдің үздік клиникаларында тұрақты оқыту және ең заманауи әрі жоғары технологиялық құрал-жабдықтарды сатып алу еліміздің түпкір-түпкірінен келген науқастарға дұрыс диагноз қойып, сәтті емдеуге мүмкіндік берді.



Облыстағы жоғары оқу орындары мен колледждерде жаңа мамандар даярлайтын факультеттердің ашылып, гранттар санының көбеюі арқасында мектеп түлектерінің Ресейдің ортаңқол университеттеріне кетуі үш есе азайды. Өңірдегі мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының бірі – Қазақстан-Американдық еркін университеті білікті мамандар әзірлеуде, онда оқыту үш тілде жүреді. Ал Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ да өндіріске қажет ғылыми жобалар іске асуда.

Шығыс Қазақстан еліміздің өнеркәсіптік көшбасшысы болған және солай болып қала береді. Тәуелсіздіктің басындағы ең қиын және дағдарыс-

тық жылдарды бастан өткерген ірі кәсіпорындарымыз қазір өнеркәсіп өнімінің көлемін ұлғайтып отыр. Айталық, «Казцинк» өнім түрін 23-ке жеткізіп, көлемін екі есеге өсірді. Ал ауаға шығарылатын зиянды қалдықтар мөлшері жылына 91 тоннадан 31 тоннаға кеміді. Отыз жылда компания 513 миллион доллардың демеушілік көмегін көрсеткен.

Облыс әкімі Даниал Ахметовтің бастамасымен қолға алынған бірегей бағдарламаның арқасында Шығыс Қазақстан әлемге танылды, – деп атап өтті ғалым Зейнолла Самашев. «Қыркүйек айында Улыбританияның Кембридж мұражайында «Ұлы дала алтыны» көрмесі ашылды, онда Елеке сазы мен Шылық қорғандарынан табылған және еліміздің ежелгі тарихына мүлде жаңа түрғыдан қарауға мүмкіндік беретін жадгерлер ұсынылады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Орал Шәріпбаев тәуелсіздік арқасында мемлекеттік тіл мәртебесі өскенін атап көрсетті.

Тәуелсіздік алған шақта Елбасы «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесін» деген ұстаным қалыптастырды. Ал қазір елдегі біршама басқа үлт өкілдері де қазақ тілін меңгерген. Болашақ – жастардың қолында. Сондықтан біз өскелең ұрпақты мемлекеттік тілді қадірлеуге үйретуіміз қажет, – деді тіл жанаңшыры. Қазір көптеген өлді мекемелер мен кешелердің атауы қазақшаланып жатыр. Бұл да айтарлықтай жетістік. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар тоқтамайды.

Қазақ күресінен еңбек сіңірген спорт шебері, «Әлем барысы» Айбек Нұғымаров саланың дамуына тоқталды. Оның айтуынша, еліміздің егемендік алуы қазақ спортшыларының жолын ашып берді. Ал қазақ күресі әлемдік деңгейге жетті. Облыстың аудан-қалаларында көптеген спорттық нысандар салынып, жастардың кәсіби шыңдалуына барлық жағдай жасалды.

Облыс әкімінің орынбасары атап өткендей, Шығыс Қазақстанның же-

## АБАЙ АУДАНЫ

### «Мен қазақша сөйлеймін»

«Мен қазақша сөйлеймін» атты республикалық акцияға қатысушылар арасында Абай ауданының тұрғыны бірінші орын алды.

Республикалық акция Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу аясында Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өтті. Іс-шара қазақ тілінің дамуына үлес қосып жүрген түрлі этнос өкілдерін біріктірді. Оған Қазақстанның 14 облысынан 171 адам қатысты. Қатысушылардың басым көпшілігі жоғары оқу орнының студенттері мен ересек азаматтар.

Сайыс барысында 19 этнос өкілі белгілі қазақ ақындарының туған ел, жер және тіл тақырыбындағы поэтикалық шығармаларынан үнді оқыды. Қазылар алқасы сайыскерлердің мәнерлеп жеткізген бағалады. Нәтижесінде бірінші орынды Абай ауданынан Хамидә Саметова алды. Ол аяғыздық ақын Жұлдызай Ысқақтың «Тарихқа тағзым» атты өлеңін оқыған.

## АЯГӨЗ АУДАНЫ

### Кіші Аягөз жағалауын қоқыстан тазартты

Аягөз ауданының белсенді жастары «Таза қала» акциясы аясында ауқымды сенбілік өткізді. Олар аудан орталығының ішімен өтетін Кіші Аягөз өзенінің бойын қоқыс пен қураған шөптен тазартты.

Жастардың айтуы бойынша, қоршаған орта неғұрлым таза болса, елдің денсаулығы да соғұрлым жақсы болады. Тұған өлкенің тазалығына қамқорлық жасау – әр адамның борышы. Егер әркім өз ауласын немесе көшесін абаттандырды қолға алса, әр күні көңілді өтеді. Мұндай іс-шара жастардың патриоттық рухын арттырады.

Жиналған барлық қоқыс қатарға салынып, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылды.

Біз жастарға өткізілген акция үшін алғыс білдіріміз келеді, – деп атап өтті жергілікті тұрғын Раушан Еспаева. Халық арасында түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу қажет деп санаймын. Адамдар тазалықты сақтап, оны дәстүр ретінде қабылдауы керек.

## СЕМЕЙ

### Екпе алғандар көбейді

Бүгінгі таңда Семей қаласындағы №3 емханада 11 мыңнан астам адам вакцина алды. Бұл туралы онлайн-брифингте №3 емхананың алғашқы медико-санитарлық көмек бөлімшесінің меңгерушісі Гүлжан Шлякова мәлім етті.

Өздеріңіз білетіндей, 1 ақпаннан бастап КВИ-ге қарсы вакциналау басталды. Бүгінгі таңда біздің емханада бірінші компонентпен вакцинацияланғандардың саны 10 700 адамнан асады. 8 мыңнан астам адам вакцинаның екі компонентін алды. Вакцинациялау қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі уақытта екпе алу «Спутник V» вакцинасымен екі кезеңде жүргізіледі. Вирусстың таралуы азаматтардың ұмытауымыз керек, сондықтан барлығыңызды вакцина алуға шақырамын, – деді дәрігер Гүлжан Шлякова.

Топтамданы әзірлегендер – Тасқын Болатұлы, Флора Левина

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ